

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІ


2021 ж. қаңтар-қыркүйек



641,7
МЛРД ТГ

+38,7%

млрд тг



110,1%
ФКИ

\$ 143,0 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 39%
отө 61%

\$2,2
МЛРД

НАРЫҚ


\$ 873,3 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. қаңтар-тамыздағы деректер

Өңірлер кесінінде 2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі өндіріс көлемі, млрд теңге



Құрылыс материалдарының 2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өндірісі

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 641,7 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көрсеткіште 2020 жылғы осы кезеңнен 38,7% (462,6 млрд.тг) жоғары.

Өнімнің физикалық көлем индексі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 110,1% құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+70%); отқа төзімді емес керамикалық кірпіштер (+56%); портландцемент (+18,3%); қожмақта, силикатты минералды мақта және осыған ұқсас минералды мақта (+48%); құрылыс ерітінділері (+38,7%), гипс (+66,4%); ескерткіштер, әрлеу және құрылыс үшін өңделген тас (+55,7%) және т.б.

Тауарлар өндіру көлемінің заттай көріністе төмендеуі: керамикалық қаптама кірпіштер (-8,5%), цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған тақталар, тақтайшалар және осыған ұқсас бұйымдар (-8,9%), бетоннан жасалған құрылыс құрастырылымдары (-10,6%), тауарлы бетон (-10,4%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2021 ж. қаңтар-тамызда 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 5,7% өсті және 143,0 млн. АҚШ долл. құрады.

Заттай көріністе экспорт көлемі 1 414,4 мың тоннаны құрап, 6,9% төмендеді, ал, өткен жылғы осы кезеңде 1 519,8 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорттаушы елдер: Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан.

Отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 2021 жылғы қаңтар-тамызда 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 24,1% өсуді көрсетіп, 873,3 млн. АҚШ долл. құрады,

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2020 жылғы 8 аймен салыстырғанда 37,9% (1 979 мың тонна) өсіп, 2 728 мың тоннаны құрады. Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Түркия.

2021 жылғы қаңтар-тамызда ҚР құрылыс материалдар нырығының көлемі 2 242 млн АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 61%, импорт өнім үлесі – 39%.

Ағымдағы жылғы 9 айда құндық көріністе ең жоғары өндіріс көлемін Нұр-Сұлтан (жалпы өндіріс көлемінде 13% өңір үлесімен) және Шымкент қ. (12%), сондай-ақ, Шығыс Қазақстан (12%) жән Алматы облыстары (11%) құрайды.